

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

ҚМГ БӨ Директорлар кеңесі өндірістік филиалдар негізінде АҚ құру туралы шешім қабылады және Басқарма мүшелерін сайлады

Астана, 1 ақпан 2012 ж. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ («ҚМГ БӨ», «Компания») Директорлар кеңесінің бірқатар шешімдері туралы хабарлайды.

Директорлар кеңесі «Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалдарына өкілеттіктердің басым бөлігін беру туралы Компания менеджментінің ұсынысын қарады. Директорлар кеңесі өндірістік филиалдарды акцияларының 100 % ҚМГ БӨ қарайтын акционерлік қоғам етіп құру қажеттігімен келісті. Аталған өзгеріс құрылғалы жатқан акционерлік қоғамдарға негізгі құралдарды және мемлекеттік органдардың заңмен қарастырылған келісімдерін алу кезінде жер қойнауын пайдалану құқығын беруді қарастырады. Акционерлік меншік формасы кәсіпорындарға өндірістік-шаруашылық қызметті жүргізу барысында қажетті дербестік беріп, олардың басқарудағы жауапкершілігін арттырып, сондай-ақ корпоративтік басқарудың заманауи талаптарына сәйкестігі мен ашықтықты қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесі заң талаптарына сүйене отырып, берілгелі отырған активтерді тәуелсіз бағалауға тапсырма берді. Директорлар кеңесі оны бекіткеннен кейін жаңа акционерлік қоғамдар құру мәселесі ҚМГ БӨ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының қарауына ұсынылатын болады.

Одан бөлек, Директорлар кеңесі Компания келесі қызметкерлерін: бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары А.А. Нұрсейітовті, қаржы директоры – қаржылық бақылаушы Б.П. Фрейзерді, құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор М.О. Сәулебайды, логистика және келісімшарт жөніндегі басқарушы директор Э.Р. Салимовты, қазметкерлерді басқару және дамыту департаментінің директоры Б.С. Әшірбекованы ҚМГ БӨ Басқарма мүшесі етіп сайлады. Компания Басқармасының келесі мүшелері: К.Ж. Ешмановтың, Ж.Д. Бекежанованың, А.А. Әубәкіровтің, Б.Л. Бисекеннің, Т.К. Хитуовтың, Ж.К. Жамауовтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Жаннета Бекежанова бұрынғысынша бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары болып табылады, алайда қазір бала күтіміне байланысты демалыста.

АНЫҚТАМА

ҚМГ БӨ Басқармасының құрамы

Алик Айдарбаев – бас директор және Басқарма төрағасы
Владимир Мирошников – бас директордың орынбасары
Абат Нұрсейітов – бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары
Бенджамин Фрейзер – қаржы директоры – қаржылық бақылаушы
Мәлік Сәулебай – құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор
Эльдан Салимов – логистика және келісімшарттар жөніндегі басқарушы директор
Ботагөз Әшірбекова – қызметкерлерді басқару және дамыту департаментінің директоры

Абат Нұрсейітов 2012 жылдың қаңтарынан бастап Компания бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары болып табылады. Компанияда 2006 жылдың қазан айынан бастап жұмыс істейді. Соңғы тағайындауға дейін Компанияның өндіріс жөніндегі басқарушы директоры қызметін атқарды. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген. Мұнайгаз секторында 1986 жылдан бастап істейді, еңбек жолын мұнай және газ өндіру операторлығынан бастап «Жетібаймұнай» МГӨЦ бастығы қызметіне дейін көтерілді, Қазақмұнай ғылыми зерттеу жобалық институтында, «ЛУКОЙЛ Оверсиз Сервис» қазақстандық филиалында түрлі басшылық қызметтерді атқарды. Қазақстан мұнайының 100 жылдығы және 110 жылдығы медалімен марапатталған.

Бенжамин Фрейзер 2009 жылдың қаңтарынан бастап Компанияның ішкі аудит қызметінің басшысы, ал 2011 жылдың қыркүйегінен Қаржы директоры – қаржылық бақылаушы қызметін атқарып келеді. Бұған дейін Kazakhmys PLC компаниялар тобында тәуекелдерді басқару жөніндегі менеджер, Қазақстандағы «Делойт», Лондондағы «N M Rothschild & Sons Limited», «HSBC Holding PLC» компанияларында қызмет атқарды. Англия және Уэльстың төралқа есепшілері институтының қауымдастық мүшесі болып табылады.

Мәлік Сәулесбай 2011 жылдың сәуірінен құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор қызметін атқарып келеді. Еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясын, Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Құқықтану», «Бизнес және менеджмент» мамандығы бойынша бітірген. «ҚазМұнайГаз» қайта өңдеу және маркетинг» АҚ, «ҚазМұнайГаз» Сауда үйі» АҚ, «ҚазТрансОйл-Сервис» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ жұмыс істеді, мемлекеттік органдар мен банк саласы ұйымдарында еңбек тәжірибесі бар.

Эльдан Салимов 2004 жылдан логистика және келісімшарттар жөніндегі басқарушы директор қызмет атқарады. Бұған дейін «ҚазМұнайГаз» Сауда үйі» ЖАҚ бас директорының орынбасары қызметін атқарды, «Балалар әлемі» ААҚ, «Крафт» ЖШС басқарған, сауда саласының кәсіпорындарында жұмыс істеген. Қазақ мемлекеттік басқару академиясын және «Қайнар» университетін бітірген.

Ботагөз Әшірбекова 2011 жылдың желтоқсанынан қызметкерлерді басқару және дамыту департаментінің директоры қызметін атқарады. «Маңғыстаумұнайгаз», «Торғай Петролеум», «НК КОР» АҚ компанияларында адам ресурстарын басқару саласында басшылық қызметтер атқарды, сондай-ақ банк және білім беру саласы ұйымдарында жұмыс істеді. В.И. Ленин атындағы Қазан мемлекеттік университетін бітірген, әлеумет ғылымдарының кандидаты ғылым дәрежесі бар.

ҚМГ БӨ мұнай өндіру көлемі жағынан Қазақстанда көшбасшылардың үштігіне кіреді. Компанияның өндіру көлемі «Қазгермұнай» БК ЖШС мен CCEL («Қаражанбасмұнай») компанияларындағы үлестерді есептегенде, 2011 жылы 12,4 млн. тоннаны (тәулігіне 250 мың баррель) құрады. ҚМГ БӨ-нің мұнайдың дәлелденген және болжамды қорларының көлемі 2010 жылдың соңындағы жағдай бойынша 232 млн. тоннаны (1,7 млрд. баррелді), ал еншілес компаниялардағы үлесті есептегенде 2,2 млрд. баррельден астамды құрайды. Компанияның жай және артықшылықты акциялары Қазақстан Қор Биржасында, ал ғаламдық депозитарлық қолхаттары – Лондонның Қор Биржасында листингтен өтті. 2006 жылдың қыркүйегіндегі IPO кезінде Компания 2 миллиардтан астам АҚШ долларын тартты. 2011 жылдың желтоқсанында халықаралық Standard & Poor's агенттігі Компанияның несиелік рейтингін «BBB-» деңгейінде, ал 2011 жылдың қыркүйегінде GAMMA корпоративтік басқару рейтингін «GAMMA-6» деңгейінде растады.

Байланыстық ақпарат:

«ҚМГ БӨ» АҚ, Жұртшылықпен байланыс (+7 7172 97 7908)

Елена Пак

e-mail: pr@kmgep.kz

«ҚМГ БӨ» АҚ, Институционалдық инвесторлармен байланыс (+7 7172 97 5433)

Әсел Қалиева

e-mail: ir@kmgep.kz

Pelham Bell Pottinger (+44 207 861 3147)

Елена Добсон

e-mail: edobson@pelhambellpottinger.co.uk

Болашаққа қатысты мәлімдеме

Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам

бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе паранар терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамтиды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер олар болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайларға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасасмайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болжам жарияламайды.